

А.Х. Хайржанова* , Г.С. Мустағалиева ,

Р.Н. Бейсенбаева 

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,

Қазақстан, Атырау қ.,

*e-mail: akmaral_63@mail.ru

АУДАРМА ТЕОРИЯСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Аударма теориясының әр түрлі аспектіде қаралуын сипаттай келе оларға қойылатын талаптарда қарастыру мәселелері қарастырылған. Аударма теориясы дербес пән, дамып келе жатқан ғылым саласы ретінде аударма практикасына қарама-қарсы қойылады. Алайда, бұл екеуі де бір құбылыстың екі жағы, екі ғылыми көрінісі екендігі сөзсіз. Осы тұрғыдан келгенде, “аударма теориясы” “аударматану” ұғымымен сәйкестігін қарастырамыз. Аударма теориясы – біріншіден, кәсіптік қатысымның қисынды жолмен негізделген моделі, екіншіден, екі тіл жүйесінің ғылыми негізде салыстырылуы. Ешбір ғылым өз тарихының зерттелуін білмей, дами алмайды. Ғылым тарихы мен оның теориясының аралығында тығыз байланыс бар, теория танымның жүйелік, жалпы құрылымы болса, ал тарих – таным процесін жеткізу. Ғылым мен оның тарихы үнемі даму үстінде болады. Барлық ғылым сияқты аударма теориясы да – фактілерді теориялық жолмен жинақтау жүйесі, тәжірибенің нәтижесі. Үшіншіден, аударма теориясы – түпнұсқа мен аударма мәтіндері аралығындағы өзара қатысы бар заңдылықтарды зерттеп, аударманың әдістемелік мәселелері мен техникасын жасайтын ғылыми бағыт. Бұл зерттеулерде терминжасамның ғылыми принциптері мен шарттары анықталып, сөздік жасау, салалық терминжасам мәселесі арнайы қарастырылды. Дегенмен қазіргі кездегі ғылыми лексиканың бір құрамдас бөлігі, жеке бір терминдік жүйені – тіл білімі терминологиясын даралап зерттеудің маңыздылығы өте зор.

Түйін сөздер: аударма, қосалқы тілдер, теория, ғылымдық, аудармашы, термин, коммуникация, аударматану.

A.Kh. Khairzhanova*, G.S. Mustagalieva, R.N. Beisenbaeva

H. Dosmukhamedov Atyrau State University, Kazakhstan, Atyrau,

*e-mail: akmaral_63@mail.ru

Requirements for translation theory

Describing the consideration of translation theory in various aspects, the issues of its consideration in the requirements for them are considered. Translation theory as an independent discipline, a developing branch of science is contrasted with translation practice. Nevertheless, there is no doubt that both are two sides, two scientific manifestations of the same phenomenon. From this point of view, we will consider the correspondence of “translation theory” to the concept of “translation studies”. Translation theory is, first, a logically based model of a bilingual participle, and second, a comparison of two language systems on a scientific basis. No science can develop without knowing the research of its history. There is a close connection between the history of science and its theory, when theory is a system, General structure of knowledge, and history is a transfer of the process of knowledge. Science and its history are constantly evolving. Like all science, translation theory is a system of theoretical accumulation of facts, the result of practice. Third, translation theory is a scientific field that studies the regularities of the relationship between the original and translation texts and develops methodological problems and translation techniques. In these studies, the scientific principles and conditions of terminology were defined, and the problem of word formation and industry terminology was specifically considered. However, at present, it is of great importance to study one component of scientific vocabulary, a separate terminological system – the terminology of linguistics.

Key words: translation, auxiliary languages, theory, science, translator, term, communication, translation studies.

А.Х. Хайржанова, Г.С. Мустағалиева, Р.Н. Бейсенбаева
Атырауский государственный университет им. Х. Досмухамедова, Казахстан, г. Атырау,
e-mail: akmaral_63@mail.ru

Требования к теории перевода

Исследуя теорию перевода в различных аспектах, рассматриваются вопросы, связанные с требованиями к нему. Теория перевода и как самостоятельная дисциплина, и как развивающаяся отрасль науки противопоставляется переводческой практике. Тем не менее, несомненно, что они являются двумя сторонами, двумя научными проявлениями одного и того же явления. С этой точки зрения рассмотрим соответствие "теории перевода" понятию "переводоведение". Теория перевода – это, во-первых, логически обоснованная модель двуязычного причастия, во-вторых, сравнение двух языковых систем на научной основе. Ни одна наука не может развиваться без знания своей истории. Между историей науки и ее теорией существует тесная связь, когда теория – системная общая структура познания, а история – передача процесса познания. Наука и ее история постоянно развиваются. Как и вся наука, теория перевода – это система теоретического накопления фактов, результат практики. В-третьих, теория перевода – научное направление, изучающее закономерности взаимосвязи между оригиналом и текстами перевода и разрабатывающее методологические проблемы и технику перевода. В этих исследованиях были определены научные принципы и условия терминологии, специально рассмотрена проблема словообразования, отраслевой терминологии. Тем не менее, в настоящее время большое значение имеет изучение одного компонента научной лексики, отдельной терминологической системы – терминологии языкознания.

Ключевые слова: перевод, вспомогательные языки, теория, наука, переводчик, термин, коммуникация, переводоведение.

Кіріспе

Қазіргі таңда қазақ тіл білімі ғылымында арнайы зерттеуді талап ететін салалардың бірі – аударманың лингвистикалық теориясы. Бұл сала – қазақ тілтаным үшін әлі жетілмеген, тиісті деңгейдегі ғылыми сипатын ала қоймаған тіл білімі салаларының бірі. Сондықтан да бұл ғылымның негізгі бағытын айқындап бере алатын бірқатар ұғым-түсініктердің даралана қоймау себептері де осыған тікелей байланысты. Қазіргі қазақ тіл білімінде аударма мәселесімен түбегейлі айналысып жүрген ғалым А.М. Алдашева докторлық диссертациясында "... қазірге дейін аударма теориясының басты дәйектемелері, шешуші негіздері, аударматану ғылымының басты объектісі мен ұстанымдары, әдіс-тәсілдері мен бірлік тұлғалары, аударманың нормасы, тәржіма ісіне қойлатын талаптар сияқты маңызды жағдаяттардың анық-қанығы ғылыми тұрғыдан анықталған емес" – деп атап өткен (Aldasheva A.M., 1999:3). Қазақ тіл білімінде аударматану мәселесі – ХХ ғасырдың соңғы жылдарында ғана қолға алынған жаңа салалардың бірі. Сондықтан қазақ тіл біліміндегі аударма теориясы да, аударма практикасы да, аударма іс-тәжірибесінің теориялық тұғыры да енді қалыптасып келе жатыр.

Қазақстан тіл білімінде Ө.Айтбайұлының аударма ғылымы және оның қалыптасуына, А.Алдашеваның аударматанудың лингвистика-

лық және лингвомәдени негіздерін айқындауға арналған ғылыми зерттеулері мен Б. Хасанов, Р.З. Загидуллин, Н.Ж. Шаймерденова және т.б. ғалымдардың еңбектері аударма теориясы мәселелеріне арналды.

Қазіргі кездегі әлемдік аударматану ғылымында қалыптасқан ғылыми көзқарас бойынша, бұл ғылым саласы іштей екі бөлімнен тұрады: аударма теориясы және аударма практикасы.

Аударма теориясы – қос тілді коммуникацияның қисынға негізделген үлгісін анықтап, аударма техникасы мен әдістемелік негіздеріне талдау жасаса, аударма практикасы – аудармашының когнитивтік іс-әрекеттерін қорытындылап, оларды аударматануды оқыту процесінде қолданудың теориялық маңызын негіздейді.

Сонымен қатар аударма практикасына қатысты да зерттеулер көп емес. Тіпті күні бүгінге дейін қазақ тілінде аударма әдістемесінің негіздері толық анықталып, аударма практикасының ерекшеліктері арнайы зерттеу нысаны болмағанын да айтуымыз керек.

Аударматану мәселесі тек қана көркем шығарманың бір тілден екінші бір тілге аударылуы ретінде ғана таныла алмайды. Кез келген этнос тарихтың қай кезеңінде де әлемдік қоғамдық даму үрдісінен тыс өмір сүре алмайды. Қай ұлттың өткен тарихын алсақ та, ол өзге халықтардың тарихымен байланысып жатады, басқа ұлттармен әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынаста болады. Сол себепті аударма,

ең алдымен, әр кездегі халықтың рухани мәдениеті мен дүниетанымынан сыр шертетін жәдігерліктер ретінде бағалануы керек. Осы тұрғыдан келгенде, аударманың бастау кездері тым әрі, тарихтың тым ескі терең қойнауына кетеді (Aldasheva A.M., 2004:35).

Аударма жасау арқылы тілде сөз құраудың, ойды бейнелеудің жаңа тәсілдері, жаңа ұғымдары мен атаулары туады. Ол – халықты рухани жағынан дамытудың күшті құралы ретінде бүкіл адамзат мәдениетінің қазынасын көрсететін құбылыс, ғылым мен білімнің қайнар бұлағы. Өйткені аударма мәтінде, сөйлемнің мағыналық құрылымында, әсіресе фразеологиялық бірліктерде, мақал-мәтелдерде, этнографиялық атаулардың ішкі мағыналық құрылымында халықтық дүниетаным көріністері, ұлттық дәстүр іздері басқа тілге аудару барысында сақталуы тиіс. Яғни, аударматанудың лингвомәдени, тілдік таным тұрғысынан зерттелуінің маңызы зор. Бұл түптеп келгенде, тілдік мәтіндердің, бірліктердің когнитологиялық қорын сипаттауға да мүмкіндік берері хақ.

Аударма теориясы аударма практикасына сүйенгенде ғана, дұрыс нәтижелерге қол жеткізе алады. Аударма практикасының оның теориясын жасау мүмкін емес. Бұлар бір-бірімен тығыз байланыста, өзара бірлікте ғана таныла алады.

Аударма теориясының қалыптасуына үлес қосып жүрген ғалым Ө.Айтбайұлының пікірінше: “Аударма пайда болғалы ол жайында ғылыми ой-пікірдің де қанаттаса өрби түскені мәлім. Қай халықтың тарихын қарасаңыз да, аударма жайында жинақталған тәжірибе, тұрақтанған пайым-түсінік бар. Аударма практикасымен шұғылданып жүрт, оның ішкі сырына үңіліп, өзіне лайықты заңдылықтарын да ашып беруге тырысқан. Сондай жоба-жүйе бірден бірге ұласып, аударма проблемасының ереже-қағидасы жасалды. Ол осылай ғылыми пәнге айналды” (Aitbaiuly Ó., 1997:150).

Эксперимент

Аударма, ең алдымен, ақпараттық бағдарлама екендігі баршаға мәлім. Яғни аудармашы түпнұсқа авторының мәтінде берілген ақпаратты кодтайды, ал сол мәтіндегі ақпаратты аудармашы арқылы оқырман қайта қабылдайды. Гнесеологиялық тұрғыдан қарастырғанда, аударма – түпнұсқаның барабар көрінісі және шығармашылық барысында қайта түрленуі, аудармалық шығармашылықтың нәтижесі ретінде түпнұсқаның телнұсқасы болып саналады.

Ғалым А.Ф.Ширяевтің анықтамасы бойынша, “аударма – бұл арнайы тілдік қызмет. Ол қызмет бір тілдің сөйлеу ерекшеліктерін басқа тілдегі соған сәйкес сөйлеу ерекшеліктері арқылы қайта туындату мақсатында қолданылатын екі тілге сүйенеді” (Shirayev A.F., 1982:12). Бұған қоса өзге де анықтамалар бар: “аударма – бұл тілдік байланыс және көстілділік құбылысы” (Munen J., 1978:29); “аударма – аудармашының қызмет барысы” (Strelkovsky G.M., 1979:63); “аударма мәселесі екі тілдің, яғни түпнұсқа мен аударма тілінің стилистикасының салыстырмалы мәселесін зерттейді” (Gachicheladze G.R., 1972:68). Белгілі ғалым Я.И.Рецкер мынадай ой түйіндейді: “аударманың негізгі мақсаты – қызмет сәйкессіздігін жүйеге келтіру” (Resker Ia.I., 1950:160).

Аударма, ең бастысы сөйлеу тілінің материалдарымен байланысты, сондықтан да ол лингвистиканың заңдарына бағынады. Осыған орай аударма – лексикалық, семантикалық, грамматикалық, синтаксистік тұрғыдан екі басқа тілдің салыстырмалы көрінісі, сондай-ақ көстілділік тетігін қалыптастыратын дербес күрделі сөйлеу тілінің қызметі.

Аударма әр түрлі мәдениеттер мен халықтардың жақындасуы мен өзара қарым-қатынасы процесінде маңызды рөл атқарады. Сондықтан да көптеген сала мамандары – психологтар, мәдениеттанушылар, этнографтар, әлеуметтанушылар, философтар, әдебиеттанушылар аударма мәселелеріне бұрыннан-ақ ерекше назар аударады.

Аударма теориясы мен практикасы үшін мәтін деңгейінде салыстырудың мәні мен оның берілуіне және мағынасына байланысты. Мағына тек тілдік қана емес, сонымен бірге экстралингвистикалық құралдар арқылы да беріледі.

Осымен байланысты аударма бастапқы мәтін мағынасын барлық жағдайда толық жеткізе алмайды. “Аударма теориясы негізгі мәтіннен басқаға назар аударуы керек, өйткені аударма – тілдік кодты тек жай ауыстыру ғана емес, сонымен бірге басқа мәдениет призмасы арқылы қабылдауға мәтін бейімдеу” (Syleimenova E.D., 1996:46).

Осылайша, аударманың ең негізгі мәселелерінің бірі түпнұсқа мәтінде және оны басқа тілге аударғанда ұлттық нақыштардың өзара байланысы мен өзара қарым-қатынасы болып табылады. Көркем әдебиетте, мәдениетте т.б. көрініс тапқан ұлттық өзгешелік әрбір

халыққа тән және үнемі даму үстінде болатын ерекшеліктер мен сипаттардың тұтастығы болып саналады.

Аударма теориясы – біріншіден, қостілді қатысымның қисынды жолмен негізделген моделі, екіншіден, екі тіл жүйесінің ғылыми негізде салыстырылуы. Ешбір ғылым өз тарихының зерттелуін білмей, дами алмайды. Ғылым тарихы мен оның теориясының аралығында тығыз байланыс бар, теория танымның жүйелік, жалпы құрылымы болса, ал тарих – таным процесін жеткізу. Ғылым мен оның тарихы үнемі даму үстінде болады. Барлық ғылым сияқты аударма теориясы да – фактілерді теориялық жолмен жинақтау жүйесі, тәжірибенің нәтижесі. Үшіншіден, аударма теориясы – түпнұсқа мен аударма мәтіндері аралығындағы өзара қатысы бар заңдылықтарды зерттеп, аударманың әдістемелік мәселелері мен техникасын жасайтын ғылыми бағыт.

Нәтиже мен талқы

Аудармалық қызмет – екінші қызмет, алғашқы қызметтің негізін заттандырады, яғни, өнімді жағын құрайды. Аудармалық қызметтің негізі ретіндегі екінші қызмет түпнұсқаның басқа тілдік белгілер жүйесінде қайта туындауын қамтиды. Түпнұсқа-бұл аудармалық шығарманың негізі ғана. Түпнұсқаның рухани негізі басқа тілде әр алуан жолмен аудармалық нұсқалар арқылы жасалынады.

Кез келген аудармада аудармашы бір немесе бірнеше мақсатқа сүйенеді де, оның әрқайсысы аударма мәтінінің ерекше прагматикалық бейімделуінен, басым баламалықтан бас тарту мүмкіндігін талап етеді. Аудармашы аударма түріне бағынады, ол әр түрлі тәсілдер мен жолдар арқылы баламаның тиісті деңгейін таңдап, аударма түріне қарай маманданады.

Қазіргі уақытта қазақ әдебиетінде жоғары деңгейдегі аудармашы мамандарды даярлау нәтижесінде, Е. Эйткинд айтқандай, “сәйкестіктер деңгейінде аударма ісінің жаңа белеске көтерілуі байқалады” (Etkind E.G., 1965:3).

Әдетте, екі тілдің жүйесі (грамматикалық құрылымы, лексика, фразеология және т.б.) төмендегідей жобала салыстырылады:

1. Екі тілдің стилистикалық құрылымын салыстыру;
2. Екі тілдің дәстүрлі әдеби стильдерін салыстыру;
3. Өзгеше екі ұлттың просодикалық жүйелерін салыстыру;

4. Екі ұлт шығармасының тарихи-мәдени дәстүрлерін салыстыру;

5. Екі ұлт тілінің көркемдік және т.б. жүйелерін салыстыру.

Сонымен қатар, аудармашының шеберлігі жөнінде ғалым Н.Ж.Шаймерденованың “Аудармашылардың алдына қойған міндеті – бұл белгілі бір халықтың дүниетанымын сипаттайтын элементтерді мәтін аудармасында мейлінше көп пайдалану. Белгілі бір шығармада түсінікті сөздердің қолданылуы әр қилы тәсілдерді жиі қолданумен сипатталады. Аударманы түсінікті ететін тәсіл бұл шығарманың тұтастығын бұзбайтын тәсіл болып табылады. Мұнда біз түсіндіретін және түсіндірілетін сөздің семантикалық сәйкессіздігіне назар аударуымыз қажет. Түсіндіретін және түсіндірілетін сөздің семантикасы сәйкес келуі де мүмкін, бірақ ондай құбылыс өте сирек кездеседі”, – деген ғылыми тұжырымдамасының маңызы зор (Shaimerdenova N.J., 1994:174). Себебі лингвистикада жалпы заңдылықтардың айқындалуына басым назар аударылады. Мысалы, семантика саласында жалпы заңдылықтар және сөз мағыналарының өзгеру жолдары: мағына кеңеюі және талылуы, метонимия, метафора және т.б. зерттеледі.

Тіл білімінің арнаулы салаларының қайсысын алсақ та, сол салалардың әрқайсысының өзіне тән ұғымдар жүйесі, терминологиялық аппараты болады. Ондай арнаулы ұғымдардың атаулары, ұғымдар жүйесі мен терминдері арнайы зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар, аударматану саласындағы терминологиялық жүйенің тілдік, соның ішінде лексикалық ерекшеліктерін айқындау, аталған терминологиялық жүйе шеңберіндегі ұғымдар жүйесі мен сипаты сияқты тілдік фактілерге талдау жасау бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелері болып табылады.

Терминологиялық лексиканы зерттеп, оның теориялық мәнін, маңызын анықтауда орыс тіл бөлімінде А. Реформатский, В.В. Виноградов, Н.А. Баскаков, В.И. Сифиров, Р.А. Будагов, О.С. Ахманова, В.Ф. Журавлев, В.П. Даниленко, Г.В. Степанов, қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытұлы, Х. Досмұхамедұлы, Қ. Кемеңгерұлы, С. Жиенбаев, Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, М. Балақаев, Ә. Қайдаров, С. Исаев, Ш. Сарыбаев, Б. Қалиев, Ө. Айтбаев, Ш. Құрманбайұлы, А. Алдашева т.б. сияқты ғалымдардың еңбектері белгілі. Ал салалық терминологияға қатысты Ш. Біләлов, С. Ақаев, А. Исанова, С. Исақова, Г. Ақшалова т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Бұл зерттеулерде терминжасамның ғылыми принциптері мен шарттары анықталып, сөздік жасау, салалық терминжасам мәселесі арнайы қарастырылды. Дегенмен қазіргі кездегі ғылыми лексиканың бір құрамдас бөлігі, жеке бір терминдік жүйені – тіл білімі терминологиясын даралап зерттеудің маңыздылығы өте зор.

Аударма теориясы дербес пән, дамып келе жатқан ғылым саласы ретінде аударма практикасына қарама-қарсы қойылады. Алайда, бұл екеуі де бір құбылыстың екі жағы, екі ғылыми көрінісі екендігі сөзсіз. Осы тұрғыдан келгенде, “аударма теориясы” “аударматану” ұғымымен сәйкес келеді. Көптеген ғалымдардың пайымдауынша, аударматану ғылымының пәні аудару процесі – аудармашының шығармашылық қызметінің нәтижесін көрсететін көп қырлы құбылыс. Ол аудармашылық мәтін мазмұнының синтезін көрсетеді. Ал мәтін болса тарихи, әдебиеттану, психологиялық, лингвистикалық, әлеуметтік, этнографиялық т.б. ерекшеліктерімен сипатталады. Ғалым Л.С. Бархударовтың анықтамасы бойынша: “Аударманы қарастыратын барлық пәндердің кешені аударматану ғылымын құрайды” (Barhúdarov L.S., 1975:45).

Қорытынды

Аударма мәтінін талдаудың барлық қырлары бір-бірін толықтырып, аударманы әрі процесс, әрі нәтиже ретінде қарастыруға мүмкіндік туғызады. Жалпы тіл білімінде аударма лингвистикасы теориясының орны ерекше. Ол жалпы аударма теориясы және жеке аударма теориясы деп ажыратылады. Аударманың лингвистикалық теориясы аудармашылық мәселелерді, яғни бір тілдегі мәтіннің басқа тілдегі өзіне балама мәтін ретінде қайта туындауы құбылыстарын зерттейді. Бұл ретте аударманың лингвистикалық және экстралингвистикалық аспектілерінің ажыратылуы, көптеген басқа ғылым мамандары қолданылатын терминдер мен ұғымдар анықтамаларының нақтылығы маңызды мәселелер қатарына жатады. Аудармамен шектес ғылымдар деп фонетика, фонология, грамматика, психолінгвистика, лексикология, семасиология, социолінгвистика, этнолингвистика, лингвистикалық география, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану және лингводидактиканы айтуға болады. Аталмыш ғылым салалары аударма теориясымен тығыз байланыста болып, жалпы және жеке аударматанудың көптеген маңызды міндеттерін шешуге септігін тигізеді:

1) тілдік жүйелердің ерекшеліктерін айқындау;

2) аударманы лингвистикалық зерттеулердің нысаны ретінде анықтау;

3) аудармашылық қызмет түрлері жіктелісінің негізін анықтау,

4) түпнұсқа мен аударма мәтіндерінің коммуникативтік тепе-теңдігі негізі ретіндегі аудармашылық баламалық маңызын ашу;

5) әр түрлі тілдер комбинациялары үшін арналған жеке және арнайы аударма теорияларын құрудың ерекшеліктері мен жалпы принциптерін әзірлеу;

6) прагматикалық және социолінгвистикалық факторлардың аудару процесіне әсер ету ерекшеліктерін анықтау;

7) “аударма нормасы” ұғымын анықтау және аударма сапасын бағалау принциптерін әзірлеу.

Қазақ әдебиеті функционалдық стильдерінің қалыптасуы мен жетілуі аударма ісіне, оның ішінде орыс тілінен қазақ тіліне тәржімалау тарихына тікелей байланысты. Қазақ әдебиеті тілі лексикалық-грамматикалық жүйесінің нормалануында да аударманың тікелей ықпалы бар. Мәселенің осылайша екендігі әдебиет тілінің, қазақ әдебиет тілі функционалдық стильдерінің тарихын зерттеген қазақ тілші ғалымдарының көптеген еңбектерінде тұжырымдалған. Мәселен, бір ғана ғылыми стильдің қалыптасуы турасында зерттеушілердің көзқарасы бірыңғай бағытта: “аударма әдебиет – бізге сол дәуірдегі қазақ әдебиет тілінің жай-күйін танытуда, ғылыми түсініктерді жеткізуде тіліміздің ішкі мүмкіндіктерінің (сөз байлығының, сөз орамдарының) қаншалықты болғанын байқауда аса қажетті материал” (Abilqasymov B., 1971:65).

Әдебиеттанушы ғалымдар аударманы өңірдің бір түрі деп қарағандығы белгілі. Ал аударманың лингвистикалық мектебінде көзқарастар мен тұжырымдар бірден, бірыңғай қалыптаса қойған жоқ. Ғалымдар аударманың лингвистикалық теориясының кешенді ғылым екендігін, яғни тілдің құрылымдық элементтерінің шеңберінде шектелмейтін сала ретінде мойындады, дегенмен тілтаным тұрғысынан келгенде, негізгі объекті не болуы қажеттігі жайында әралуан пікірлер айтылады.

Әдебиеттанушылар үшін бұл мәселе анық болды: олар аударманың аксиологиялық аспектілеріне көп көңіл бөлді; түпнұсқа мен аударманың эстетикалық сәйкестігі, аударманың рухани мәдениетке қосатын үлесі, аудармашының таланты мен тәжірибесі, жеке аудармашының

аудармада қол жеткізген жетістіктері мен кемшіліктері туралы жазды.

Лингвистикалық теорияда бұлай болмай шықты; аударманың лингвистикалық теориясының алдында әрі күрделі, әрі қызғылықты төмендегідей проблемалар пайда болды:

Ең алдымен: процессуалды аударма және мәтіндік аударма бар; яғни процессуалды аударма, бұл ауызша аударма (ілеспе және қосарласа аударма) болса, мәтіндік аударма – бір тілде жазылған мәтіннің екінші білге жазбаша түрде тәржімалануы (жазбаша жазылған мәтін ауызша оқылуы да мүмкін).

Процессуалды аударманың тілдік табиғатын сипаттау қиынға соғады, өйткені ол аудармашының санасында жүріп, дедуктивті әдіске сүйенеді. Сондықтан зерттеушілер объекті ретінде жазбаша мәтінді алады.

Жазбаша мәтіннің өзі – күрделі ұғым. Әдебиетшілер көркем шығармамен шектелсе, аударматанушы-лингвистердің алдында барынша күрделенген мәтіндер бар, яғни тілдік талдауды қорыту және түйіндеу үшін аудармашы-лингвист бірнеше мәтіндерді тұтастай қарастырып, жалпы қорытынды жасауы керек. Ал мәтіндер бағытталған функциясы, жанрлық түрлері, стильдері бойынша әр алуан.

Аударманың жалпы теориясына қатысты ғалымдар ұсынған бағыттың тағы бір – мәтіндерге формальды-құрылымдық анализ жасау, яғни түпнұсқа мен аударма мәтіннің арасындағы сәйкестікті тілдік құрылымдық единицалар деңгейінде көрсету. Осы бағытта зерттеу жұмыстарының пайда болуы аударманың жалпы теориясына елеулі үлес қосты деп есептеуге болады, өйткені формальды-құрылымдық анализге негізделі отырып, тілдік единицалардың

мағынасы арқылы жүзеге асатын компонентті анализ бағыты пайда болды.

Ғалымдардың мәтіндерді топтастырудағы осындай көзқарастарын толық көрсетіп отырғанымыздың бірінші себебі – жоғарыда айтатынымыздай, аударманың лингвистикалық табиғатына талдау жасау үшін бір ғана мәтін (мысалы көркем проза) шеңберінде қалып қоймай, сөйленісте, (речь) колданысқа түсетін барлық мәтіндерді тұтастай қарастырып барып, қорытынды жасау керек болады.

Екіншіден, аударматану ғылымында аударудың единицасы не болуы керектігі жөнінде нақты пікір жоқ. Бірқатар зерттеушілер бастапқы мәтін мен аударма мәтіннің тілдік факторларын формалды түрде салыстыру мәселені айқындайды деп есептейді. Семантикалық деңгейде қарастырған зерттеулер де бар, бұнда екі мәтіннің өзара қарым-қатынасы ескеріледі, яғни формальды түрде салыстыру кезінде түпнұсқа мәтіндегі сөз, сөз тіркесі немесе сөйлем алынып, олардың аударма мәтінде қалай берілуі салыстырылатын болса, семантикалық деңгейде алған зерттеулер түпнұсқада сөзбенаудармадағы баламаның семантикалық құрылымына денотатты, коннотативті анализ жасауға ұмтылады. Ал үшінші бір зерттеушілер аударманы коммуникативті акт ретінде алады, сөйтіп, прагматикалық деңгейде қарастырады, яғни тілдік единицалардың мағынасына ғана емес сонымен қатар коммуникативті фактіге ілесе жүретін әрқилы факторлар (коммуникативті актіге қатысатын адамдардың ерекшеліктері, коммуникативті акті жүзеге асатын орта, мерзім және т.б.) ескерілуге тиіс деп есептейді. Тіпті осы аталған бағыттардың барлығы тұтастырып, біріктіріп қарайтын да бағыттар жоқ емес.

Әдебиеттер

- Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999.
- Алдашева А.М. Аудармадағы баламалық (орыс тілінен қазақ тіліне аударылған нұсқалар негізінде). – Алматы, 2004. – 45 б.
- Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі (Қара терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
- Ширяев А.Ф. Пособие по синхронному переводу. Французский язык. – М., 1982. – 301 с.
- Мунэн Ж. Теоритическая проблема перевода. Перевод как языковой контакт // Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике. – М.: Международные отношения, 1978. – С. 36-42.
- Стрелковский Г.М. Теория и практика военного перевода. – М., 1979. – 250 с.
- Гачичеладзе Г.Р. Художественный перевод и литературные взаимосвязи. – М.: Советский писатель, 1972. – 262 с.
- Рецкер Я.И. О закономерных соответствиях при переводе на родной язык // Тетради переводчика. – М.: Международные отношения, 1950. – С. 156-178.
- Сулейменова Э.Д. Казахский и русские языки: Основы контрастивной лингвистики. – Алматы: Демей, 1996. – 208 с.
- Эткинд Е.Г. Поэтический перевод как проблема сопоставительной лингвистики: дисс. доктора филол. наук. – Ленинград, 1965. – 242 с.

Шаймерденова Н.Ж. Толкование слов в художественном произведении // Тезисы VIII Международного конгресса. – Сегенсбург, 1994. – С. 174-177.

Бархударов Л.С. Язык и перевод. – М., 1975. – 240 с

Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы: Ғылым, 1971. – 185 б.

References

Aldasheva A.M. (1999). Aýdarmataný: lingvistikalyq jáne lingvomádeni máseleler. [Translation Studies: linguistic and linguistic-cultural problems] Almaty. (In Kazakh)

Aldasheva A.M. (2004). Aýdarmadaǵy balamalyq (orys tilinen qazaq tiline aýdarylǵan nusqalar negizinde). [Equivalent in translation (Based on translated versions from Russian to Kazakh).] Almaty, 45 b. (In Kazakh)

Айтбаулы Ө. (1997). Qazaq sózi (Qara terminologiasynyń negizderi). [Kazakh word]. Almaty: Raýan, 240 b. (In Kazakh)

Абилқасымов В. (1971). Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Qazaq SSR-iniń “Ǵylym” baspasy. [The language of the first Kazakh newspapers.]. Almaty, 185 b. (In Kazakh)

Бархударов Л.С. (1975). Iazyk ı perevod. [Languages and translations]. M., 240 s. (In Russian)

Etkind E.G. (1965). Poeticheskiı perevod kak problema sopostavitelnoi lingvistikı: Diss. doktora filol.naýk. [Poetic translation as a problem of supporting linguistics] Leningrad, 242 s. (In Russian)

Gachicheladze G.R. (1972). Hýdojestvennyı perevod ı literatýrnye vzaimosvázı. [Artistic translation and literary relations] M.: Sovetskiı pisatel, 262 s. (In Russian)

Mýnen J. (1978). Teoriticheskvá problemy perevoda. Perevod kak iazykovoi kontakt. Voprosy teorii perevoda v zarýbejnoi lingvistike. [Theoretical problem of translation] M.: Mejdýnarodnye otnosheniya. S. 36-42. (In Russian)

Resker Ia.I. (1950). O zakonomernyh sootvetstviyah pri perevode na rodnoi iazyk. Tetradı perevodchika. [On legislative amendments to the native language] M.: Mejdýnarodnye otnosheniya. S. 156-178. (In Russian)

Sýleimenova E.D. (1996). Kazahskiı ı rýsskie iazyki: Osnovy kontrastivnoi lingvistikı. [Kazakh and Russian languages: the basics of contrasting linguistics] Almaty: Demeý, 208 s. (In Russian)

Strelkovskiı G.M. (1979). Teoria ı praktika voennogo perevoda. [Theory and practice of military transfer] M., – 250 s. (In Russian)

Shaimerdenova N.J. (1994). Tolkovanie slov v hýdojestvennom proizvedeniı// Tezisy VIII Mejdýnarodnogo kongressa MAPRÁL. [Words in artistic production]. Segensbýrg, s. 174-177. (In Russian)

Shiráev A.F. (1982). Posobie po sinhronnomý perevodý. Fransýzskiı iazyk. [We need a synchronous transfer] M., 301 s. (In Russian)